



Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 2017 - 2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары

1. Кіріспе

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (АӨМУ) 2013 жылы 29 мамырда № 529 Үкімет Қаулысы негізінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының біріктірілуі арқылы құрылған. Ресми түрде АӨМУ 2013 жылдың 29 тамызында тіркеуден өтті.

АӨМУ Стратегиялық жоспары Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында, 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелестік» Жолдауында, білім саласының түгелімен жаңғыруын қамтамасыз етуге бағытталған ҚР БҒМ 2017–2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында қойылған міндеттерге сүйенеді. Бұл құжаттарда еліміздің әлеуетін арттырып, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге пәрменді көшбасшылар мен білікті мамандар даярлауға күзиретті жоғары білім беру жүйесін жетілдіру міндеттері нақтыланды. Сонымен қатар университеттің Стратегиялық жоспарында Ақтөбе облысы мен Батыс аймағының өңірлік ерекшеліктері ескерілген.

1. Индустрияландырудың жоғары деңгейі:

Өңір мұнай-газ, тау-кен және металлургиялық өндіріс орталығы ретінде ерекшеленеді. «Аймақты дамыту» бағдарламасы бойынша Ақтөбе агломерациясы металлургиялық кластер және аймақтың көлік-логистикалық орталығы болып табылады. Еліміздің индустрияландыру Картасына 10,0 мың жаңа жұмыс орнын қамтитын 73 Ақтөбелік инвестициялық жоба енгізілген.



2. Шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейтін кәсіпорындар санының көптігі:

Ақтөбе облысында шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейтін 300-ден астам кәсіпорын бар, олар негізінен мұнай-газ саласында. Мұнан шетелдік қызметкерлерді отандық мамандармен алмастыру қажеттілігі туындайды. Оларға ағылшын және/немесе қытай тілдерін үйрету керек.

3. Өңірде мектепке дейінгі білім беру ошақтарының белсенді түрде дамуы:

2010 жылдан бастап «Балапан» бағдарламасы жоғары деңгейде жүзеге асырылуда. Осы аралықта облыста 141 мектепке дейінгі мекеме ашылды. Бағдарлама негізінде мектепке дейінгі балалар санын қамту деңгейі 85% жетті. Бұған қоса болашақта тағы 20-дан астам балабақша ашу жоспарланып отыр.

4. Орта мектептер мен колледждерге педагогтар сұранысының артуы:

Бұл өңірдегі шағын комплектілі мектептер үлесінің көптігімен және 12 жылдық орта білім жүйесіне көшумен байланысты.

5. Батыс аймағындағы білім беру мекемелерінде жеделдетіп магистр-педагогтарды дайындау қажеттілігі:

Батыс аймағындағы жоғарғы оқу орындарында магистрлердің контингенті жалпы білім алушылардың санына шаққанда 3% құрайды. АӨМУ-де бұл көрсеткіш – 1,73%. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес кәсіби кластарда (10-12 класс) жұмыс жасайтын мұғалімдердің магистрлік білім дәрежесі болуы тиіс.

6. Батыс аймағының жоғары оқу орындарында докторанттарды дайындаудың аса қажеттілігі:

Батыс аймағындағы докторанттардың контингенті жалпы білім алушылардың 0.1% тең. АӨМУ-де 0.01%.

7. Түлектердің жұмысқа толық орналаспауы:

Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқып, бітірген жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі Атырау облысында – 48 %, Ақтөбе және Қызылорда облыстарында – 54 %, Маңғыстау облысында – 56%, жалпы республикалық көрсеткіш - 65%.

8. Шекаралас аймақ түлектерінің Ресейдің жоғары оқу орындарына кету ағыны:

Соңғы 3 жылдарда Ақтөбе облысы бойынша мектеп бітіруші түлектердің 3/1 ҰБТ тапсырмайды.

9. Аймақтың экологиялық мәселелері:

Бұл өндірістің қарқынды дамуы және Кеңес дәуірінің зардаптарымен байланысты. Кезінде Батыс Қазақстан өңірінің бірқатар жерінде ядролық сынақтар жүргізілген (Атырау обл. – Азғыр, Тайсойған, Орал – Лира 6, Ақтөбе – Батолит, Маңғыстау – Сайөтес және Қошқар ата).

2. SWOT сараптама

A. Басым тұстар (Strengths)

- жеткілікті дамыған материалдық-техникалық база:
- 6 оқу ғимараттары, кітапхана, 2 Студенттер сарайы, 2 Студенттер үйі, студенттік емхана, 2 спорт кешені, бассейн.
- университеттің ғылыми-педагогикалық кадрлар деңгейінің жоғарылығы: 30 ғылым докторы, 260 ғылым кандидаты.
- дамыған ғылыми инфраструктура: 7 ғылыми зерттеу институттары мен орталықтары, цифрлы технологиялар орталығы
- оқу орнының жоғары деңгейлі ақпараттандырылуы.

B. Әлсіз тұстары (Weaknesses)

- білім беру бағдарламаларының (мамандықтардың) ішінара аккредиттелінуі. Бүгінгі таңда АӨМУ-де 46 білім беру бағдарламасының 65 % АРТА аккредиттеуінен өткен.
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының (магистратура, докторантура) қарқынды түрде жүзеге асырылмауы. АӨМУ-нің магистранттар мен докторанттарының контингенті сәйкесінше 1,7 % және 0,01 % құрайды.
- университеттің ғылыми дәрежелі оқытушыларының қартаюуы. Профессорлардың орта жасы – 60. Ғылым кандидаттарының – 49.
- ПОҚ және студенттердің академиялық мобильділігі деңгейінің төмендігі. АӨМУ-де ПОҚ пен студенттердің академиялық мобильділігі 1%-дан төмен.
- көптілділік бағдарламасының мардымсыз жүзеге асырылуы.
- мамандықтардың оқу жоспарын жүзеге асыруда жұмыс берушілер ұсыныстарының жеткілікті дәрежеде ескерілмеуі:

- ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мен коммерциализациялануы деңгейінің төмендігі. Университет бойынша ҚР БЖҒМ тапсырысымен 5 ақ гранттық жоба (34 млн.теңге) орындалады. ҚР БЖҒМ ғылыми жобаларын АӨМУ оқытушылары құрамының 1,5 % ғана жүргізеді.
- түлектердің жұмыспен толық қамтылмауы: Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқып, бітірген жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі Атырау облысы бойынша– 48 %, Ақтөбе және Қызылорда облысы – 54 %, Маңғыстау облысы – 56%, жалпы республика бойынша - 65%.
- білімгерлердің жатақханамен жеткіліксіз қамтылуы: Студенттердің 4/3 бөлігі ауылдық екендіктеріне қарамастан, олардың 23% ғана жатақханамен қамтамасыз етілген.

С. Мүмкіндіктер (Opportunities)

- білім беру бағдарламаларын (мамандықтарды) толықтай аккредиттеу.
- шағын комплектілі мектептер (52%) үшін қосарланған мамандықтар бойынша педагог кадрлар дайындау жоспарын жүзеге асыру;
- оқу процесіне дуалды оқыту, жеке білім траекториялары бағдарламаларын енгізу. Бакалавриат, магистратура білім бағдарламаларында жұмыс берушілердің ұсыныстарын жүзеге асыру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша жаңа мамандықтар ашу (магистратура мен докторантура). Магистратура мен докторантурадағы мақсатты орындар санын көбейту;
- көптілді оқытушыларды даярлау мен ағылшын тілді топтарды ашу ісін қолға алу және дамыту;
- «Коммерциализациялау офисі» мен «Инновациялық технология паркін» ашу;
- аймақтың шаруашылық субъектілерімен байланысты нығайту;
- студент жастардың танымдық, ғылыми-техникалық, мәдени шығармашылығын дамыту, екпінді еңбекке деген құлшынысы мен бастамашылығын қолдау;
- білімгерлер үшін жаңа жатақхана салу.

Г. Тәуекелдер (Threats)

- білімгерлер санының азаюы.

- ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың мемлекеттік емес көздерінің болмауы;
- қосдипломдық білім бағдарламасының жүзеге асырылмауы.

3. Жоғарғы оқу орнының миссиясы мен бағдары

Миссия

Қазақстан Республикасы және Батыс өңірінің еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленген мамандарды даярлау

Бағдары

Ел аумағында бәсекеге қабілетті университет ретінде дамып, уақыт өте Батыс өңірінің рухани орталығы мәртебесін иеленіп, ұлттық жоғары оқу орнына айналу

4. Университеттің ағымдағы қызметіне талдау

Университет ҚР БҒМ 2013 жылдың 17 қыркүйегінде берген сериясы №13014680 мемлекеттік лицензияға сәйкес жоғары білімнің 8 бағыты бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады: "Білім" (22 мамандық), "Гуманитарлық ғылымдар" (4 мамандық), "Құқық" (1 мамандық), "Өнер" (2 мамандық), "Әлеуметтік ғылымдар және бизнес" (8 мамандық), "Жаратылыстану ғылымдары" (6 мамандық), "Техникалық ғылымдар мен технологиялар" (10 мамандық), "Қызмет көрсету" (2 мамандық) және 16 мамандық бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (Мамандықтар тізбесін А Қосымшадан қараңыз).

Университеттің құрылымына 10 факультет, 6 ғылыми-зерттеу бөлімшелері, Маркетинг Орталығы, Цифрлық технологиялар орталығы, Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Үздіксіз білім беру Институты, Конфуций институты, Қаржы-шаруашылық департаменті, Академиялық мәселелер және білім беру сапасын бағалау департаменті кіреді. Университетте жалпы кітап қоры көлемі 1 632 466 дана кітап құрайтын, оның ішінде қазақ тіліндегісі – 664 003 дана кітап (40,6%) болатын ғылыми кітапхана бар. Университеттің әлеуметтік-мәдени және спорт объектілері кешеніне: 800 орындық Студенттер Сарайы, 900 орындық Жастар сарайы, жалпы көлемі 7157 м² болатын, 1200 орындық екі жатақхана, 1200 орындық асхана,

барлық оқу ғимараттарында орналасқан спорт залдары мен алаңдар, «Дельфин» бассейні, студенттер емханасы кіреді.

Университетте Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша корпоративтік басқару енгізілген, қадағалаушы кеңес жұмыс істейді.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 55 бакалавриат мамандықтарында 9306 студент оқиды, соның ішінде мемлекеттік тілде білім алатындар – 7375, орыс тілінде білім алатындар – 1931. Күндізгі оқу түрі бойынша студенттер контингенті 7228 адам, соның ішінде мемлекеттік тілде оқытылатын – 5642, орыс тілінде – 1586. Сырттай оқу түрі бойынша студенттер контингенті 2078 адам, соның ішінде мемлекеттік тілде оқитын – 1733, орыс тілінде – 345. Мемлекеттік білім гранты иегерлерінің саны 2425 адам (жалпы контингенттің 26%), оның ішінде күндізгі бөлім студенттері – 2315 адам, сырттай – 110. Университетте "Серпін" бағдарламасы бойынша Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Алматы облыстарынан 418 студент оқиды, оның ішінде "Білім" бағыты бойынша – 353, "Техникалық ғылымдар және технологиялар" бағыты бойынша 65 адам.

15 магистратура мамандықтары бойынша 164 магистрант оқиды, оның ішінде мемлекеттік білім гранты бойынша – 54, келісім-шарт негізінде – 110, 6D060100 – Математика мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде 1 докторант оқиды.

Университетте соңғы 3 жылда жақын шетелден 19 студент тағылымдамадан өтті.

Университеттің ОПҚ саны – 670 адам, оның ішінде штаттық оқытушылар – 626. Соның ішінде, ғылым докторлары – 33, ғылым кандидаттары – 273, PhD докторлары – 9. ОПҚ ғылыми дәрежелілік деңгейі 50,3%. Штаттағы 6 оқытушының өнер, дене шынықтыру және спорт салалары бойынша ҚР құрметті атақтары бар. Оқытушылар арасында мемлекеттік наградалардың, Қ.Сәтпаев атындағы сыйлықтың, "ЖОО-ның үздік оқытушысы" мемлекеттік грантының иегерлері, әлем чемпионаттарының жеңімпаздары, еңбек сіңірген өнер қайраткерлері, "Ақтөбе қаласының құрметті азаматтары", "Болашақ" бағдарламасының түлектері бар.

"Болашақ" және "Өрлеу" бағдарламалары бойынша әлемнің университеттерінде (АҚШ, Ресей, Польша, Жапония, Германия және т. б.) 58 оқытушы, ҚР жетекші ЖОО-да 106 оқытушы тағылымдамадан өтті.

Университеттің білім беру ұйымдарында, қаржы мекемелерінде және ірі өндірістік кәсіпорындарда 16 кафедра филиалдары бар.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыс берушілердің ұсыныстары мен Батыс Қазақстан аймағындағы еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады: техникалық мамандықтар мен мұнай-газ саласына қызмет көрсететін мамандықтардың білім беру бағдарламаларының мазмұнына дуалды оқытудың және жеке оқу траекториялары бойынша оқытудың элементтері енгізілген. 2016-2017 оқу жылының Элективті пәндер каталогына (ЭПК) стейкхолдерлермен (мүдделі тараптармен) 123 пән, соның ішінде ағылшын тілінде 14 пән енгізілген.

Барлық білім беру бағдарламалары тиісті кәсіптік практика базаларымен қамтамасыз етілген.

Университетте 8 мамандық бойынша оқыту ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Онда шамамен 275 адам оқиды.

2013-2016 жылдары шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде отандық жетекші жоғары оқу орындарында «Білім» және «Гуманитарлық ғылымдар» бағыттары бойынша барлық мамандықтардан 100-ден астам студент оқудан өтті, университетте кіріс академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ҚР жетекші ЖОО-ның 47 студенті оқиды. Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру үшін АҚШ, Ұлыбритания, Куба, Румыния, Польша, Венгрия, Болгария, Латвия елдерінің жоғары оқу орындарымен келісімшарт жасалды. Аталған бағдарлама бойынша АӨМУ 69 студенті алыс және жақын шетелдің жоғары оқу орындарында семестрлік оқудан өтті. Ағымдағы оқу жылының бірінші академиялық кезеңінде 12 білім алушы халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Венгрия, Латвия, ҚХР, Ұлыбританияның ЖОО-да оқиды, 7 студентті Польшада, 3 студентті ҚХР-да оқыту жоспарланып отыр.

Соңғы 3 жылда университет институционалдық аккредиттеуден, ал 2016 жылы постаккредиттеуден өтті. 46 білім беру бағдарламалары (65%) АРТА мамандандырылған аккредиттеуінен өтті, оның ішінде 22 – ұлттық, 24 – халықаралық аккредиттеу.

2017 жылғы ҚР ЖОО-ның Бас рейтингі қорытындысы бойынша Батыс Қазақстанның жоғарғы оқу орындары арасында АӨМУ көшбасшылық позицияны иеленді. ТОП-10-да «Гуманитарлық ғылымдар» бағыты бойынша университет 5-ші орынға, «Білім беру»

бағыты бойынша 6-шы орынға, ал «Әлеуметтік ғылымдар» және «Жаратылыстану ғылымдары» бағыттары бойынша - 7-ші орынға орналасты. Жекелеген мамандықтар бойынша кадрлар даярлауда да университет жетекші орындарға ие болды. Атап айтқанда, «Физика» мамандығы бойынша университет 1-орында, «Психология», «География», «Қазақ тілі мен әдебиеті», орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша 2-орында, «Биология», «Тарих», «Экология», «Металлургия» мамандықтары бойынша 3-ші орында. 2015 жылы аталған ТОП-10 тек 5 мамандық енсе, 2016 жылы – 6 мамандық, ал 2017 жылы – 11 мамандық енді. Жоғары оқу орындарының үздік ТОП-30 оқытушылары қатарына университеттің бірінші проректоры Шункеев К.Ш. (21-орын) кірді. Университетте QS World University Rankings рейтингіне қатысу үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі 2015 жылы – 62,4% (1158 адам), 2016 жылы – 75% құрады.

Университетте коммерциализациялау кеңсесі мен технопарк құрылу үстінде.

5. Университеттің даму стратегиясы

Университет миссиясын орындау үшін ЖОО дамуының бірнеше басымдықтары, стратегиялық бағыттары қарастырылады:

1. Батыс өңірі еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыра алатын білім беру сапасы дәрежесін қамтамасыз ету.
2. Инновациялар мен ғылыми жетістіктерді өндіріске және қоғамдық өмірдің басқа да салаларына енгізу. Университеттің Батыс Қазақстан аймағындағы инновациялардың негізгі қозғаушы күші ретінде қалыптасуы. Бұл облыс кәсіпорындарымен бірлесе отырып, Ақтөбенің индустриялық-инновациялық агломерация орталығы болып қалыптасуына негіз жасамақ.
3. Бірлескен инновациялық бағдарламаларды іске асыру үшін өңірлік және шетелдік серіктестермен академиялық байланыстарды дамыту.
4. Университеттің қаржы-экономикалық тұрғыдан тұрақты дамуын қамтамасыз ету.
5. Кәсіби құзіреттілігімен, жалпы мәдениетінің жоғары деңгейімен және отансүйгіштік қасиеттерімен ерекшеленетін, үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Білімгерлерді «Мәңгілік Ел»

жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтары мен салауатты өмір салты мәдениетін нығайтуға тарту.

ЖОО-ның аталған даму бағдарлары мақсаттар, міндеттер және оларға тиесілі көрсеткіштер жүйесі арқылы нақтыланады, түзетіледі. (қосымша 1).

Оларды ішкі ресурстарды кешенді жұмылдыру, ПОҚ шығармашылық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде сапалы және уақытында орындау, университеттің Батыс Қазақстан өңірі мен облыс қажеттілігін өтей отыра прогрессивті даму динамикасын қамтамасыз етуі тиіс.

5.1 Мақсатқа жетудің жолдары мен тәсілдері

Қойылған мақсаттарға жетелейтін жолдар:

- университетті дамытудың тиімді моделін таңдау;
- кешенді ұйымдастыру тетіктері;
- тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- ықтимал тәуекелдерді ескеру.

5.2 Даму моделі

Ел аумағында бәсекеге қабілетті университет ретінде дамып, уақыт өте ұлттық университетке айналу – амбициялық міндет. Осы күрделі міндетті орындау үшін мыналар қажет:

1. Жергілікті басқару органдары мен өңірдің жетекші кәсіпорындары өкілдерін тарту арқылы корпоративтік басқару жүйесін дамыту.
2. Қойылған міндеттерді орындау үшін бүкіл университет ұжымының күш-жігерін жұмылдыру.
3. Ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, модульдік білім бағдарламаларын жаңғыртуды қамтамасыз ету.
4. Еліміздің және әлемнің жетекші университеттерімен, зерттеу орталықтарымен әріптестік орнату.

5.3 Ұйымдастыру тетіктерінің кешені

АӨМУ-нің Стратегиялық жоспарының мазмұны ресурстары, жауаптылары, шарттары және орындалу мерзімі өзара келісілген жалпыуниверситеттік даму жоспарының мақсаттарында, индикаторларында көрініс табады.

Стратегиялық жоспар университет, факультет, кафедралар және басқа да құрылымдық бөлімдердің жылдық жоспарларын орындау арқылы іске асырылады.

Стратегиялық жоспар университеттің кірісі және шығысы сметасына сәйкес қаржылық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

Жоспардың іске асырылуының нәтижелері университет қызметі бағыттары жетекшілерінің жылма-жылғы есептеріне кіріп, университеттің Ғылыми кеңесінде қаралады.

Университеттің Ғылыми кеңесі Стратегиялық жоспардың іске асырылуы нәтижелерін жыл сайын қарап, алға қойылған мақсаттарға жету барысындағы ұйымдастырушылық, технологиялық және техникалық мәселелерді айқындайды және оларды шешу жолдарын ұсынады, жоспардың орындалуының жалпы қорытындысын шығарады.

5.4 Қаржыландыру

Университет дамуының тұрақтылығы оның жоспарланған және тәуелсіз қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндіктеріне тығыз байланысты болады. Мемлекеттік бюджетке тәуелділік бірте-бірте кәсіпорындар тарапынан түсетін аударымдар мен жарналар, түлектердің жасаған демеушілік көмегі, халықаралық және қазақстандық ғылыми гранттардың көптеп бөлінуі тәрізді қосымша қаржыландыру көздерін тарту, сонымен қатар оқу төлемақысы арқылы бәсеңдейтін болады.

5.5 Ықтимал тәуекелдер

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті өз қызметін жүргізу барысында алға қойылған мақсаттарына қол жеткізуде бірқатар кедергілердің туындауына тап болуы мүмкін. Ықтимал тәуекелдер, оның әсері және туындаған тәуекелдерді басқару тетіктері *2-ші Қосымшада* келтірілген.

6. АӨМУ-нің стратегиялық даму векторлары

1. Мектептерге көптілді педагогикалық кадрларды, өндірістік кәсіпорындар үшін инженер-техникалық кадрларды мақсатты түрде даярлаудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру.
2. Магистратура арқылы 55 педагогикалық мамандықтар бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісін өрістету.

3. Докторантура арқылы 9 мамандық (қазақ филологиясы – 1, математика – 2, физика – 2, тарих – 2 және педагогика – 1 және техникалық ғылымдар – 1) бойынша ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісін кеңейту.
4. Университеттің барлық білім беру бағдарламаларын (мамандықтарын) білім беру сапасын қамтамасыз ететін халықаралық европалық жүйенің толыққанды мүшесі болып табылатын және ҚР БҒМ-нің тізіміне енгізілген аккредиттеу органдарымен аккредиттеуден өткізу.
5. Университетті және білім беру бағдарламаларын (мамандықтарды) отандық және шетелдік ЖОО-дарын саралау рәсімдеріне қатысу тәжірибесін кеңейту.
6. Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жаңғырту.
7. ҚР БҒМ тұжырымдамасы шеңберінде білімгерлер мен ПОҚ-ның халықаралық академиялық ұтқырлық аясындағы мүмкіндіктерін кеңейту.
8. Білім беру процесіне дуалдық оқыту жүйесінің элементтерін енгізу.
9. Көптілді оқыту шеңберінде бакалавриатта білім беру бағдарламалары жобаларын жасақтау және іске асыру.
10. Педагогтің Кәсіби стандарты мен жаңартылған мазмұндағы білім бағдарламаларын эксперименттік режимде оқыту процесіне енгізуге бағытталған жұмыстарды жаңғырту.
11. Үздіксіз білім беру Институты арқылы педагогикалық кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін жетілдіру.
12. «Инновациялық технологиялар паркін» және «Коммерцияландыру офисін» ашу.
13. Цифрлы технологиялар орталығы арқылы «Цифрлық ЖОО» бағдарламасын жүзеге асыру.
14. Университет имиджін көтеруге, білімгерлер контингентін белсенді түрде қалыптастыруға бағытталған маркетингтік стратегияны жаңғырту, ребрендингтік жұмыстарды кеңейту.
15. Студент жастардың зияткерлік, ғылыми-техникалық және мәдени шығармашылығын дамыту, екпінді еңбекке деген құлшынысын және бастамашылығын қолдау.
16. Студенттік жатақхана салу.

Жоғары білім мамандықтары:

- | | |
|--|--|
| <ol style="list-style-type: none"> 1. 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу 2. 5B010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі 3. 5B010300 – Педагогика және психология 4. 5B010500 – Дефектология 5. 5B010600 – Музыкалық білім 6. 5B010700 – Бейнелеу өнері және сызу 7. 5B010800 – Денешынықтыру және спорт 8. 5B010900 – Математика 9. 5B011000 – Физика 10. 5B011100 – Информатика 11. 5B011200 – Химия 12. 5B011300 – Биология 13. 5B011400 – Тарих 14. 5B011500 – Основы права и экономики 15. 5B011600 – География 16. 5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті 17. 5B011800 – Орыс тілі мен әдебиеті 18. 5B011900 – Шетел тілі: 2 шетел тілі 19. 5B012000 – Кәсіптік оқыту 20. 5B012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті 21. 5B012200 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті 22. 5B012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану 23. 5B020300 – Тарих 24. 5B020500 – Филология 25. 5B020700 – Аударма ісі 26. 5B021000 – Шетел филологиясы 27. 5B030100 – Құқықтану 28. 5B040900 – Хореография 29. 5B042100 – Дизайн | <ol style="list-style-type: none"> 1. 5B050300 – Психология 2. 5B050500 – Аймақтану 3. 5B050600 – Экономика 4. 5B050700 – Менеджмент 5. 5B050800 – Есеп және аудит 6. 5B050900 – Қаржы 7. 5B051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару 8. 5B051100 – Маркетинг 9. 5B060100 – Математика 10. 5B060200 – Информатика 11. 5B060400 – Физика 12. 5B060600 – Химия 13. 5B060700 – Биология 14. 5B060800 – Экология 15. 5B070300 – Ақпараттық жүйелер 16. 5B070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету 17. 5B070500 – Математикалық және компьютерлік модельдеу 18. 5B070700 – Тау-кен ісі 19. 5B070800 – Мұнай газ ісі 20. 5B070900 – Металлургия 21. 5B071300 – Көлік, көліктік техника және технологиялар 22. 5B072000 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы 23. 5B072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы 24. 5B072900 – Құрылыс 25. 5B090100 – Көлікті пайдалану, жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру 26. 5B090200 – Туризм. |
| <ol style="list-style-type: none"> 1. 6M010300 – Педагогика және психология 2. 6M020300 – Тарих 3. 6M020500 – Филология 4. 6M050300 – Психология 5. 6M050600 – Экономика 6. 6M051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару 7. 6M051100 – Маркетинг | <ol style="list-style-type: none"> 8. 6M060100 – Математика 9. 6M060200 – Информатика 10. 6M060400 – Физика 11. 6M060700 – Биология 12. 6M060800 – Экология 13. 6M070300 – Ақпараттық жүйелер 14. 6M010900 – Математика 15. 6M011000 – Физика |
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. 6D060100 – Математика |

**СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БАҒЫТТАРЫ, УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫНЫҢ
МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ МАҚСАТТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

1-бағыт. БАТЫС ӨНІРІНДЕГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ СҰРАНЫСТАРЫНА СӘЙКЕС БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНІҢ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	
1 мақсат. Кадрлар саясаты және қызметкерлер мен ПОҚ біліктілігін арттыру	<p>Мақсаттық көрсеткіш – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкес университеттің білім беру және ғылыми ортасын құру</p> <p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылына кемінде 100 адамнан ПОҚ-ның біліктілігін арттыру деңгейіне қол жеткізу 2. Үш тілде сабақ беретін оқытушылар санын арттыру (2018 жылға – 15, 2021 жылға - 50) 3. ҚР-ның үздік ЖОО-дарымен ынтымақтастық орнату шарттарын жасау (жылына кемінде - 5) 4. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың әртүрлі білім бағдарламалары мен жобаларына қатысу (жылына кемінде 5 ұсыныс түсіру) 5. Оқу процесіне шетел оқытушылары мен кеңесшілерін тарту: 2018 жылға – 10 адам, 2021 жылға – 20 адам
1 міндет. Оқытушылардың кәсіби деңгейін жоғарылату	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылына кемінде 100 адамнан ПОҚ-ның біліктілігін арттыру деңгейіне қол жеткізу 2. Үш тілде сабақ беретін оқытушылар санын арттыру (2018 жылға – 15, 2021 жылға - 50) 3. ҚР-ның үздік ЖОО-дарымен ынтымақтастық орнату шарттарын жасау (жылына кемінде - 5) 4. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың әртүрлі білім бағдарламалары мен жобаларына қатысу (жылына кемінде 5 ұсыныс түсіру) 5. Оқу процесіне шетел оқытушылары мен кеңесшілерін тарту: 2018 жылға – 10 адам, 2021 жылға – 20 адам
2 міндет. ПОҚ жаңа формациясын қалыптастыру	Көрсеткіштер:

	<p>1. ҚР БҒМ-нің «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты конкурсына жылына кемінде 15 үміткердің қатысуын қамтамасыз ету</p> <p>2. Оқу сапасын және оқытушылардың озық техника мен технологияны меңгеру білігін көтеру, жылына кемінде 10%</p>
<p>2 мақсат. Оқу процесін ұйымдастыру және оның мазмұнын жетілдіру</p>	<p>Мақсаттық көрсеткіштер – институционалды және мамандандырылған аккредиттеуден өту</p>
<p>1 міндет. Танымал агенттіктердің халықаралық мамандандырылған және институционалды аккредиттеуінен өту</p>	<p>Көрсеткіш: Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өту: жылына 6 мамандықтан</p>
<p>2 міндет. ЖОО ұлттық және әлемдік академиялық рейтингтеріне қатысу</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2021 жылға дейін ҚР рейтингтерінде көпсалалы ЖОО-дарының үздік ондығына ену. 2. ҚР мамандықтардың үздік бестігіне енуге қол жеткізу – 2019 жылға кемінде 5 мамандық, 2021 жылға кемінде 10 мамандық. 3. Халықаралық рейтингтерге қатысуға өтініш түсіру: 2018 ж. – 2 рейтингте, 2021 ж. – 5.
<p>3 міндет. Студенттік ғылым мен тәжірибенің өндіріспен байланысының нығаюы</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Практика базасымен келісім-шарт саны – 2018 ж. әр мамандық бойынша кемінде – 3, 2021 ж. – кемінде - 5

	<p>2. Өндіріс орындарында жаңадан ашылған кафедра филиалдары саны - 2018ж. кемінде - 3, 2021 ж. – кемінде - 6.</p> <p>3. Түлектердің өндіріске енгізілген дипломдық жұмыстарының үлесі – 2018 ж. - 10%, 2021 ж. – 20%</p>
<p>4 міндет. Студенттерді мемлекеттік тілде оқытуды жақсарту</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пәндердің мемлекеттік тілдегі оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 2018 ж. – 70%, 2021 жылға – 100% 2. Мемлекеттік тілде сапалы білім беретін оқытушылар санын арттыру – 2019 ж. – 50%, 2021 ж. – 70% 3. Мемлекеттік тілде білім беретін ПОҚ-ның біліктілік деңгейін көтеру – 2019 ж. - 30%, 2021 ж. -50%
<p>5 міндет. Студенттердің шетел тілін меңгеру сапасын жақсарту</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көптілді білім беру орталығын ашу (2018 ж.) 2. Барлық мамандықтар бойынша шетел тілін меңгерту курсын элективті пәндер тізбесіне енгізу. 3. Кемінде 5 мамандық бойынша көптілді білім беруді енгізу (2017жылдан бастап)
<p>6 міндет. Университетте оқитын шетелдік студенттер мен магистранттардың санын ұлғайту</p>	<p>Көрсеткіш:</p> <p>Шетелдік студенттер мен магистранттар саны - 2018 жылы – 10 адам, 2021 жылға – 50 адам.</p>

<p>3 мақсат. Материалдық-техникалық базаны нығайту</p>	<p>Мақсаттық көрсеткіштер - студент, магистрант және оқытушылар үшін қажетті материалдық және тұрмыстық жағдайлар жасау</p>
<p>1 міндет. Ғимраттар мен құрылыстарды қалыпты жағдайда ұстау</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жатақханаларды күрделі жөндеуден өткізу (2017-2018 жж.) 2. Жатақханалар мен оқу ғимараттарын жыл сайын ағымдағы жөндеуден өткізу 3. Жастар сарайына күрделі жөндеу жүргізу (2017 ж.) 4. Жаңа жатақхана салу (2017-2018 жж.)
<p>2 міндет. Факультет, кафедраларды лабораториялық құралдармен, компьютерлермен, заманауи техника құралдарымен жабдықтауды жақсарту</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Радиациялық физика лабораториясын жабдықтандыруды аяқтау (2017ж.) 2. 2018 жылға дейін жыл сайын 100 бірлікке дейін және 2018 жылдан 2020 жылға дейін 150 бірлікке дейін компьютерлер мен техникаларды сатып алу. 3. «Инновациялық технологиялар паркін» салу және жабдықтау (2017-2018 жж.)
<p>4 мақсат. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану және білім берудегі ақпараттандыруды кеңейту</p>	<p>Мақсатты көрсеткіштер - университеттегі білім беру процесін автоматтандыруды қамтамасыз ету және білімгерлер мен ПОҚ белсенді түрде ақпараттық технологияларды қолдануы</p>
<p>1 міндет. Білімгерлер мен ПОҚ білім беру және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету</p>	<p>Көрсеткіштер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Университет кітапханасындағы ішкі порталдағы электронды оқу құралдарын жыл сайын жаңарту

2 міндет. ПОҚ ақпараттық дайындық деңгейін арттыру	2. Университеттің барлық кітапханалары мен жатақханаларын Wi-Fi-мен қамтамасыз ету
